

Кімге: Қазақстан Республикасының Үкіметіне

Автордың аты-жөні және лауазымы: Даулетбайев Е.Р. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті, Камералдық мониторинг басқармасы, №2 камералдық мониторинг бөлімінің басшысы.

Күні: 22.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндама – 2023»

Кіліт сөздер: қоғамдық кеңес, респондент, ұлттық баяндама, үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)

Кіріспе

Аталған аналитикалық жазба «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндама – 2023» жедел әлеуметтік-саяси өзгерістер мен азаматтардың шешім қабылдауға белсенді қатысып жатқан кезеңде қоғамдық кеңестің қызметіне жаңа көзқарас ұсынады. Қазіргі таңда қоғамдық кеңестер (ҚК) «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасымен үйлесіп, азаматтық қоғам құрылымына енді. Әлеуметтік бетбұрыс пен саяси трансформация қарапайым азаматтардың өміріне айтарлықтай әсер етуде.

Қоғамның ауқымды мәселелерін шешу кешенді зерттеуді және саяси-экономикалық реформаны ғылыми негіздеуді талап етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы Жолдауында ҚК-нің жан-жақты дамуына жаңа серпін берілді. Жолдауды іске асыру аясында ҚК III Республикалық мәжілісі өтті, онда ҚК қызметін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірленді.

Қазақстандық қоғамдық даму институты (ҚҚДИ) қоғамдық кеңестердің қызметін зерттеуді 2020 жылдан бастады. 2021 жылдан бастап баяндаманың атауы «Ұлттық баяндама» болып өзгерді, бұл ҚК-нің мемлекеттік деңгейдегі маңыздылығын көрсетеді.

Сонымен қатар, ұлттық баяндама бойынша Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ), Азаматтық қоғамды дамыту орталығы, жергілікті және халықаралық ҮЕҰ, жастар ұйымдары зерттеумен айналысады. Баяндамада ақпараттың ашықтығы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте ҚК-нің рөлі, азаматтардың ҚК-пен белсенді іс-қимылы, қоғамдық бақылау нысандары мен шешім қабылдау процесіне әсері қарастырылады.

Соңында, қоғамдық кеңестердің болашақ басымдықтары, азаматтық қоғамды қалыптастыру мен демократиялық қағидаларды дамытудағы рөлі талданады. Негізгі қорытындылар мен ұсыныстар келтіріледі. «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы Ұлттық баяндама – 2023» қоғамдық кеңес қызметінің негізгі бағыттары, республикалық және өңірлік деңгейдегі қоғамдық бақылау іске асуын талдау, қоғамдық кеңестің даму перспективасы және оның рөлін арттыру тақырыптарына аналитикалық талдау жүргізу.

Аналитикалық жазбада азаматтардың, қоғамдық кеңес мүшелерінің және мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сауалнама жүргізу, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің жұмысын көрсететін құжаттар мен статистикалық деректерді зерттеу әдістері қолданылады.

Аналитикалық жазбаның мақсаты – қоғамдық кеңестердің қызметін бағалау, қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайту, қоғамдық бақылау механизмдерін дамыту, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпал ету, ұсынымдар мен стратегиялар әзірлеу.

Негізгі бөлім

Қоғамдық кеңестердің мемлекеттік органдармен және қоғаммен белсенді іс-қимылы қазіргі заманғы ашық басқару жүйесін қалыптастыру үшін маңызды. Олар білім беру бастамаларын үйлестіріп, ҰЕҰ-мен ынтымақтастықты дамытуда шешуші рөл атқарады, диалог алаңдарын ұйымдастырады, заңнамалық реформаларды қолдайды. ҚК қызметі өзекті тенденцияларды мониторингтеу, озық тәжірибелерді анықтау, kazkenes.kz интернет порталы мен БАҚ пен цифрлық платформаларда ақпарат алмасу арқылы нәтижелілікті арттыруға бағытталған [1].

ҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларда да маңызды рөл атқарады, қоғамдық бақылауды күшейту арқылы мемлекеттік жауапкершілікті арттырады. Азаматтарды кеңінен жұмылдыру, объективті бағалау критерийлерін қалыптастыру, және ҚК қызметінің маңыздылығын бағалау қоғамдық кеңестердің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстанда демократиялық институттардың қалыптасуы жалғасуда, ал қоғамдық кеңестер азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы негізгі байланыс тетігіне айналуда. Алайда, зерттеулер азаматтардың мәселелерді шешуде ҚК-ке жүгінбейтінін көрсетеді, сондықтан олардың белсенділігін арттыру қажет. Азаматтарды ҚК жұмысы туралы хабардар ету мемлекеттік органдарға сенімді нығайтуға ықпал етеді.

2023 жылғы Қоғамдық кеңестердің (ҚК) қызметінің тиімділігі «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестерді қабылдау туралы» ҚҚДИ зерттеуі, «Еркіндік қанаты» ҚК деректері және

Қазақстанның азаматтық альянсы (ҚАА) жүргізген сауалнамалар негізінде талданды. Зерттеу Қазақстанның барлық өңірлеріндегі тұрғындарды қамтыды: респонденттердің 62,7%-ы қала, 37,3%-ы ауыл тұрғындары [5].

Зерттеу нәтижелері бойынша, ҚК қызметі туралы ақпарат алу деңгейі жоғары, ал ҚК мүшелерінің белсенділігі артса, азаматтардың ҚК институтына деген сенімі өсетіні анықталды.

ҚК қызметі туралы ақпаратты қайдан білдіңіз?

Жауабы	Пайыз
Қажетті мәселелер бойынша ҚК-ке жеке өтініш білдіру	8,8 %
ҚК қолдауымен өткізілетін іс-шараларға қатысу	16,7 %
ҚК жеке мүшелерімен қарым-қатынас жүргізу	14,4 %
Туыстарынан және/немесе достарынан алынған ақпарат	29,6 %
Көршілерден естіген ақпарат	17,0 %
Мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік құрылымдардың ресми сайттары	10,9 %
Теледидар	47,2 %
Газеттер	11,1 %
Интернет-басылымдар	25,8 %
ВКонтакте	2,1 %
Инстаграм	32,8 %
Фейсбук	14,4 %
Телеграмм	6,7 %
Твиттер	0,6 %
Одноклассники	2,3 %
Мой мир	1,2 %
ҚК-те мүшелікте болған	0,9 %
Өріптестерден түскен ақпарат	0,6 %
Әлеуметтік желілер	0,3 %
Жауап беруге қиналамын	0,3 %

Дереккөз: «Қазақстандық қоғамдық даму институты» ҚеАҚ [2].

Қоғамдық кеңестердің қызметі мен тиімділігін бағалау мәселесі Қазақстанда маңызды рөл атқарады. ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңы аясында ҚК-нің негізгі мақсаты – азаматтық қоғамның пікірін білдіру және мемлекеттік басқару процесінде оның мүдделерін ескеру. Алайда, ҚК-нің тиімділігі мен жұмыс стандарттарының болмауы олардың қызметін объективті бағалауды қиындатады.

Қоғамдық кеңестердің міндеттері:

1. Азаматтық қоғам мүддесін қорғау: ҚК республикалық және жергілікті деңгейде шешімдерді қабылдау барысында жұртшылықтың пікірін ескереді.

2. Өзара іс-қимылды дамыту: Орталық атқарушы органдар мен азаматтық қоғам арасындағы байланыс орнату.

3. Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру: Мемлекеттік органдардың қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Тиімділік критерийлері:

ҚК тиімділігін бағалау формальды түрде БАҚ пен әлеуметтік желілердегі жарияланымдар санына немесе қаралған өтініштер санына негізделеді. 2023 жылдың 1 жартыжылдығында 788 өтініштің 463-і мемлекеттік органдарға жіберілді, олардың 432-сі қанағаттандырылды. Алайда, бұл статистика тек формальды көрініс болып табылады [6].

Облысаралық айырмашылықтар:


Павлодар облысында 220 өтініш тіркелсе, Солтүстік Қазақстан облысында тек 3 өтініш болған. Дегенмен, Солтүстік Қазақстан облысындағы ҚК әлеуметтік желілерде белсенді, мұнда 15 парақша бар. Павлодар облысында бұл көрсеткіш белгісіз немесе мүлдем жоқ болуы мүмкін, ал жарты жыл ішінде тек 26 жазба жарияланған.

Диссонанс себептері:

1. Әлеуметтік желілердегі белсенділік: ҚК мүшелерінің әлеуметтік желілерде белсенділігі айырмашылықтарды көрсетеді.

2. Жұмыс стандарттарының болмауы: Тиімділікті бағалау критерийлері мен стандарттарының жоқтығы.

Сіздің ҚК өңірдегі әлеуметтік мәселерге талдау жүргізе ме?



Дереккөз: «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ [3].

Қоғамдық кеңестің мақсаттары: Мемлекеттік органдардың қызметін бақылау, азаматтық бастамаларды қолдау, кері байланысты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, Қоғамдық саясатты қалыптастыру, ақпараттық ашықтық болып табылады.

Қоғамдық бақылау – мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін бақылаудың маңызды тетігі. Бұл

механизм, мүдделі азаматтар мен азаматтық қоғам институттарының белсенді қатысуымен, шешім қабылдау процесіне ықпал етуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық бақылаудың негізгі бағыттары:

1. Жұмыс қорытындылары туралы есепті тыңдау – 88,4% респонденттер мұны маңызды деп санайды.

2. Қоғамдық мониторинг – 76,7%.

3. Қоғамдық тыңдау – 76%.

4. Қоғамдық сараптама – 57,4%.

2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 404 мониторингтік іс-шара жүргізілді, нәтижесінде 303 ұсыныс әзірленді (*Дереккөз: ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі*) [4]. Бұл мониторингтер қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қоғамдық мониторингтің бағыттары:

- Ішкі істер органдары: халықпен байланыс және қызмет көрсету сапасын зерттеу.

- Еңбек және әлеуметтік қорғау: министрліктің қызметін бақылау.

- Азаматтық қорғау: Төтенше жағдайлар министрлігінің жұмысына мониторинг.

Жергілікті деңгейдегі мысалдар:

- Денисов ауданының жолдарды қардан тазарту мониторингі.

- Астана қаласындағы медициналық қызметтердің сапасына мониторинг.

- Сәтпаев қаласындағы абаттандыру жағдайын тексеру.

Қоғамдық бақылаудың мақсаттары: Мемлекеттік органдардың қызметін ашық ету, азаматтық бастамаларды жүзеге асыру, қоғам мен мемлекет арасындағы байланыс орнату.

Сауалнама нәтижелері қоғамдық бақылаудың тиімділігін арттыру бойынша көптеген ұсыныстар мен мәселелерді көрсетеді, бұл өз кезегінде мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіруге ықпал етеді.

Қорытынды

Қазақстанда ҚК институтының дамуы қарқынды жүріп жатыр деп сеніммен айтуға болады. Бұл үрдісті Қазақстанның азаматтық қоғамының барлық деңгейдегі шешімдер қабылдау процестеріне белсенді қатысуға дайындығы ретінде түсіндіру қажет. Алайда, бұл мәселеде назар аударуды және түзетуді қажет ететін белгілі бір кемшіліктер бар екенін атап өткен жөн.

Әлеуметтік сауалнамалар азаматтардың ҚК қызметіне қатысуға жоғары қызығушылығын растады. Осылайша, ҚК-тің ағымдағы дамуының осы кезеңінде қоғамдық қатысу нысандарын іске асыру және азаматтарды мемлекеттік шешімдер қабылдау процесіне тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Ең алдымен, ҚК пен билік арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру маңызды. Ол үшін шешім қабылдау кезінде ашық өзара әрекет жасау және ҚК

ұсыныстарын ескеру қажет. Сондай-ақ әртүрлі топқа жататын тұрғындардың мүдделері мен пікірлерін толық түсінуді қамтамасыз ету үшін әртүрлі ҚК арасындағы тығыз өзара әрекеттесу тетіктері жүзеге асырылуы керек.

Негізгі кемшіліктердің бірі – ҚК пен азаматтар арасындағы кері байланыс механизмдерін күшейту қажеттілігі. Қоғамдық пікірдің неғұрлым дәл және өзекті көрінісін қамтамасыз ету үшін азаматтардың ҚК қызметінен хабардарлығы мен жұмылдырылуын ұлғайту қажет. Бұл тұрғыда ҚК жұмыс істеуі туралы ақпаратты арттыру және азаматтардың негізгі мәселелерді талқылауға белсенді қатысуын ынталандыруға бағытталған бағдарламалар мен бастамаларды әзірлеу маңызды.

ҚК жұмысын талдау олардың мүшелерінің ҚК рөлі мен мәртебесін түсінбеуі сияқты типтік мәселелерді анықтады. Бұл соңғылардың жұмыс тиімділігін арттыру үшін ҚР «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңын қаншалықты білетіндігін тексеру қажеттігін білдіреді.

ҚК-тің тағы бір әлсіз жағы – құжат айналымын ресімдеудің жеткіліксіздігі, бұл уақыттың шектеулі екендігімен және ҚК мүшелері мен хатшылықтың білік-тілігіне байланысты болуы. Заңды мәртебенің болмауы да осы ұйымдардың қызметін шектейді.

ҚК азаматтық қоғам секторының өкілдерінің ҚК-ке қатысуы маңызды болып табылады, сауалнамаға қатысқандардың 67 %-ы қалалық деңгейдегі ықпалды тұлғалардың ҚК қосылуы ерекше маңызға ие (64 %) дегенді қолдайды.

Сайып келгенде, кейбір кемшіліктерге қарамастан, Қазақстандағы ҚК институтының даму процесі оның қоғамдық тұрғыдан мақсат қоя білгендігі мен оның тиімділігіне деген сенімділікті тудырады. Оң кейстерді және анықталған проблемаларды еңсеру бойынша дәйекті, табанды күш-жігерді ескере отырып, ҚК одан әрі демократиялық қайта құруларға және азаматтардың Қазақстанның болашағын қалыптастыруға белсенді қатысуына жәрдемдесетін болады.

Ұсыныстар

1. Мақсатты аудиторияға ақпаратты тиімді жеткізу үшін ҚК мүшелерін оқытуға әртүрлі әлеуметтік медиамен жұмысты қосу керек. Инфографика, бейнематериалдар және аудио подкастар сияқты деректерді визуализациялау құралдарын меңгеру күрделі ақпаратты тиімді ұсынуға мүмкіндік береді, оны түсінікті және қолжетімді етеді;

2. ҚК-тің ақпараттық жұмысын жақсарту үшін деректерді визуализациялау құралдарын енгізу. Инфографиканы, бейнематериалдарды және подкастарды пайдалану күрделі ақпаратты көрнекі түрде ұсынуға көмектеседі;

3. халықты азаматтық қоғам институттарының, соның ішінде ҚК-тің рөлі туралы хабардар ету, белсенді және білімді қатысуды ынталандыру мақсатында азаматтық білім беру бағдарламаларын қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастыру;

4. ҚК қорытынды ұсынымдарының сапасын жақсарту үшін сараптамалық қауымдастықты тарту. Кәсіби қауымдастықтармен және ҮЕҰ мен өзара іс-қимылды орнату сапалы жұмыс пен мониторингке ықпал етеді;

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға әртүрлі салалар мен өңірлерде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі міндеттерді іске асыруда барлық деңгейдегі ҚК жәрдемдесуді қамтамасыз ету;

6. ҚК тарапынан квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне қоғамдық бақылау деңгейін арттыру;

7. басқа елдерде қазақстандық ҚК халықаралық байланыстар мен тұрақты ынтымақтастық орнату, білім, озық тәжірибемен алмасу;

Қорытындылай келе, жоғарыда ұсынылған ұсыныстарды жүзеге асыру азаматтық қоғамның дамуында маңызды қадам болып табылады. Бұл шаралар қоғамдық кеңестердің тиімділігін арттыруға, азаматтық қатысуды нығайтуға, ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділік танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы қазақстандық қоғамдық кеңестердің тәжірибесін байытуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. KazKENES интернет-порталының материалдары. Қол жеткізу режимі: www.kazkenes.kz.

2. «Қазақстандық қоғамдық даму институты» ҚеАҚ. Қол жеткізу режимі: <https://kipd.kz/>

3. «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ. Қол жеткізу режимі: <https://civilalliance.kz/>

4. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

5. Қоғамдық кеңестер қызметінің тиімділігін зерттеу. – «Еркіндік қанаты» ҚҚ, 2023 ж.

6. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы – 2023: Ұлттық баяндама. — Қазақстандық қоғамдық даму институты, 2023 ж.